

Келісемін

*Әйтеке би аудандық білім
бөлімінің басшысы*



Б.Д.Сейіханов

2022 жыл

Бекітемін

*Тереңсай жалпы орта
білім беретін мектебінің
директоры*



Р.Ж.Кобиланов

«31» тамыз 2022 жыл

*«Ақтөбе облысының білім басқармасы
Әйтеке би ауданының білім бөлімі» ММ
«Тереңсай жалпы орта білім беретін мектебі»
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің
2022-2023 оқу жылына арналған
жұмыстық оқу жоспары*

«Нұр» шағын орталығы
мектеп жасына дейінгі балаларға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен
оқытудың жұмыстық оқу жоспары

№	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Жас топтары		
		Кіші топ (2 жастан бастап)		
			Аптасына	Жылдық
1	<i>Дене шынықтыру</i>	аптасына үш рет	3	108
	<i>Дене шынықтыру</i>	Күн сайын		
2	<i>Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет</i>	Күн сайын		
3	<i>Сенсорика</i>	Күн сайын		
4	<i>Қоршаған ортамен танысу</i>	Күн сайын		
5	<i>Сурет салу</i>	Күн сайын		
	<i>Мүсіндеу</i>			
	<i>Жапсыру</i>			
	<i>Құрастыру</i>			
6	<i>Музыка</i>	аптасына бір рет	1	36
	<i>Музыка</i>	Күн сайын		

№	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Жас топтары		
		Ортаңғы топ (3 жастағы балалар) Ересек топ (4 жастағы балалар)		
			Аптасына	Жылдық
1	<i>Дене шынықтыру</i>		3	108
	<i>Дене шынықтыру</i>	Күн сайын		
2	<i>Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет</i>	Күн сайын		
	<i>Қазақ тілі</i>		1	36
	<i>Қазақ тілі</i>	Күн сайын		
3	<i>Математика негіздері</i>	Күн сайын		
4	<i>Қоршаған ортамен танысу</i>	Күн сайын		
5	<i>Сурет салу</i>	Күн сайын		
	<i>Мүсіндеу</i>			
	<i>Жапсыру</i>			
	<i>Құрастыру</i>			
6	<i>Музыка</i>		2	72
	<i>Музыка</i>	Күн сайын		

Мектепалды даярлық класының жұмыстық оқу жоспары

Рет №	Ұйымдастырылған іс-әрекет*/ Балалардың іс-әрекеті	Аптадағы өткізу жиілігі	Аптадағы нормативтік жүктеме	Жылдық
1	Дене шынықтыру		3 сағат	105
	Дене шынықтыру**	күн сайын		
2	Сөйлеуді дамыту		2 сағат	70
	Көркем әдебиет		2 сағат	70
	Қарым-қатынас іс-әрекеті	күн сайын		
	Қазақ тілі		2 сағат	70
	Қазақ тілі***	күн сайын		
3	Сауат ашу негіздері		3 сағат	105
	Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет	күн сайын		
4	Математика негіздері		3 сағат	105
	Танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті	күн сайын		
5	Қоршаған ортамен таныстыру		2 сағат	70
	Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті	күн сайын		
6	Сурет салу		1 сағат	35
	Мүсіндеу			
	Жапсыру			
	Құрастыру			
7	Шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті	күн сайын		
	Музыка		2 сағат	70
	Музыка****	күн сайын		
	Барлығы		20 сағат	700

**«Тереңсай жалпы орта білім беретін мектебі» КММ-нің
«Нұр» шағын орталығының және мектепалды даярлық класының
2022-2023 оқу жылына арналған
жұмыстық оқу жоспарына
ТҮСІНІК ХАТ**

Мектепке дейінгі ұйымдар тәрбиелеу-білім беру қызметін «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына» сәйкес, «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары», «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына» сәйкес жүзеге асырады.

«Тереңсай жалпы орта білім беретін мектебі» КММ-нің 2022-2023 оқу жылының жұмыстық оқу жоспары 2022 жылғы 31 тамыздағы №1 педагогикалық кеңестің шешімімен бекітілді. Оқу процесі санитарлық талаптарды қатаң сақтай отырып, дәстүрлі форматта оқытылады.

«Нұр» шағын орталығында жалпы - 16 бала тәрбиеленуде. Жас ерекшелігі үш түрлі балалар тобында 2 жаста – 5 бала, 3 жаста – 5 бала, 4 жаста – 6 бала. Мектепалды даярлық класында 5 жасқа толған 13 бала тәрбиеленеді. Оқыту тілі - қазақ тілі. 5-күндік оқу жүйесімен жүргізіледі.

Мектепке дейінгі білім беру жүйесінің негізгі басым бағыттары мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды дамыту моделін іске асыру шеңберінде айқындалған.

Негізгі міндеттер:

- әр баланың жеке қабілеттері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жайлы дамытушы қауіпсіз білім беру ортасын, оның ішінде инклюзивті орта құру;
- балалардың өмірін қорғау және денсаулығын нығайту, салауатты өмір салты негіздерін, қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастыру;
- тәрбиеленушілердің қимыл-қозғалыс, бейімделу, коммуникативтік, эмоционалдық, әлеуметтік, когнитивтік дағдыларын қалыптастыру;
- Отанды, ана тілін сүйуге, ұлттық бірегейлік пен азаматтық негіздеріне және патриотизмге баулу;
- баланың мектепте оқуға физикалық, психологиялық, эмоционалдық, әлеуметтік дайындығын қалыптастыру және тең бастапқы мүмкіндіктер беру.

Тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыруда педагогтерге келесі қағидаларды назарда ұстау ұсынылады:

- ✓ ойын арқылы оқыту;
- ✓ түрлі балалар әрекетін ұйымдастыру арқылы (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) балаларды дамыту.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың білім беру процесі

- Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының 1- қосымшасы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты»;
- Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйегінде № 394 бұйрығы 1-қосымша (өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) ҚР БҒМ 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығы 1,2,3-қосымшалары Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың оқу жоспарлары.